

АКТУАЛЬНЫЕ НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

ВЫПУСК 10(78)
Часть 6

Октябрь 2021 г.

Акатаева, Ш. Б. Ж. Қорғасбектің " Желтоқсан " әңгімесіндегі желтоқсан оқиғасының бейнелеуі [Текст] / Ш. Б. Акатаева // Актуальные научные исследования в современном мире. Выпуск 10 (78). Часть 6. Октябрь 2021. - 93-98 Б.

Акатаева Ш. Б.

Ф.ғ.к., доцент

**Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
(Қарағанды, Қазақстан)**

Ж. ҚОРҒАСБЕКТІҢ «ЖЕЛТОҚСАН» ӘҢГІМЕСІНДЕ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Желтоқсан тақырыбы – аса ауқымды, тамыры терең, күрделі тақырып. Ол ең алдымен – еліміздің тарихы. Сан мыңдаған адамның тағдыры болды. Тәуелсіздікке қол жеткен соң желтоқсан оқиғасы жайлы қатпар-қатпар болып, шаң басқан архивтер ақтарыла бастады. Сол оқиғаның ақ-қарасын ажыратып беру үшін, қолына қалам ұстаған біршама қазақ зиялылары қалам тербеген болатын. Желтоқсан жайлы қазақ әдебиетінде біршама жанр түрінде қалам тербелген болатын. Сөйтсе де, прозалық жанр түрінде жазылған шығармалар аз. Мақалада Ж.Қорғасбектің «Желтоқсан» әңгімесі талданады.

Желтоқсанның жүрек сыздатын сол бір ызғарлы күндері қаншама ауыр болса да, азаттық аңсаған халқымыздың күш-жігерін мұқалта алған жоқ. Қайта, ауыр күресте шындалған елдің ынтымақ-бірлігі бұрынғыдан да нығая түсті, тоталитарлық жүйенің шынжырын үзді, еркіндікке жол ашты.

Қаламгер Ж. Қорғасбектің «Желтоқсан» әңгімесі де осы тақырыптас. Әңгімедегі қисық буын тракторист. Қарапайым көптің бірі. Автор арақ бөтелкесін «жансауғасын тауып алып» деп кейіпкеріне тегін телімейді. Автор үшін де, әлгі тракторшы үшін де арақ жарық дүниеде болып жатқан сұмдықтан бас сауғалаудың құралы ретінде алынған. Әйтпесе, оның алапат уыты мен күйзелісіне төзу қиын. Адамдарды, дәлірегі, өрімдей жастарды ел жоқ айдалаға апарып, көміп тастап жатыр. Бірақ әңгімеде кім көмгені түсініксіз. Мына тракторшы көмісті ме, әлде солдаттар ма, ол жағы бұлдырлау. Жас өліктер тобылғы бұталарындай аяқ-қолдары ербиіп жерден шығып қалады. Құпия көму. Қыс кезінде қар жатпаушы ма еді?! Кейіпкерде ат жоқ. Ол қазақ деген ұғымға ие. Оның бауырмалдығы, жүрегі езілетіндігі біраз детальдардан білінеді. Басында ол мына сұмдықты елес шығар деп қабылдайды. Бірақ екі қызды тракторына мінгізіп ала кеткенде ғана көрген-баққаны елес емес екенін түсінеді. Екі қыз бір пальтоны жамылған. Үсіп жаураған. Бірі есімін айтты: «Ақтоты», ол қыз қасындағы екіншісін танымайды. Желтоқсан күйреткен қазақ жастары. Енді үшеуі түн ішінде кездесті. Тракторшы екі қызға жылынсын деп арақ береді. Кетіп бара жатқанда арттарына қарап еңіреп жылаған қыздарға қосылып ер адам да жылайды. «Бағанадан бері тып-тыныш отырған екі қыз арттарына бұрыла қарап, көз жастарын тыя алмай боздап кеп берді сонда. Іші-бауыры аударылып-төңкеріліп, астаң-кестең болып, қисық мойнын соза, қалақтай басы қалталақтап, қыздарға қосылып еңіреп бұл да жылады. Кімнің кімді жоқтап отырғаны белгісіз, әйтеуір дауыстары жарыса шығып, «әкем-ау, көкем-ау, бауырым-ауға» басты еңіреп. Жол үстінде айтылған жоқтау бірақ, жол үстінде ұмыт қалды сол күйі. Оны айтасыз, мына тұрған ауылға да үн-түнсіз барып кірді үшеуі» [1]. Кімге жоқтау айтып отырғаны белгісіз деп түйіндейді автор. Әңгіменің селт еткізетін тұсы осы сияқты. Өйткені бұл ұлт басына түскен қорлықты, жазықсыз мерт болған өрімдей жастарды жоқтау. Қазақ басына түскен трагедия. Әңгіме желтоқсан тақырыбына арналғанымен, тың тақырыпты қозғап, шығарма өзегіне еңгізіп, ұлт қасіретінің бір сәтін аңғартып өтуге талпыныстың өзі бағалы. Қалтарысы мол құпиясы ашылмай, көптен жабық жатқан тақырыптың күрделілігі де шығарма көкемдігіне әсер еткен. Көркем туынды мінсіз болуы үшін не керек?

Қазіргі проза жанрында, қарқынды дами қоймаған желтоқсан тақырыбы қалам тербеуі, өзінің оқырман қатарын толықтыру, сұранысқа ие болу мақсатында емес, қоғамымызда әлі күнге дейін жете қарастырылып, толық бағасын алмаған, не сан ғасырлардан бері шешімін таппаған – ұлт тағдыры, рух болмысы, ұлттық сана, ұлттық мүдде, ата тарих алдындағы қарыз бен парыз сынды әлеуметтік категориялардың бұлқыныспен ортаға шығуы, «айтылмаса, сөздің атасы өледі» [2, 135], - демекші айтылмаса болмайтын, ұлт үшін маңызды желтоқсан мәселелері көркем проза түрінде

ISCIENCE.IN.UA «Актуальные научные исследования в современном мире»
Выпуск 10(78) ч. 6 ISSN 2524-0986
73

бағаланса керек. Л. Толстой «жазбауға шыдай алмағанда жаз» дегеніндей, ұлт қаламгерлерінің де бұл тақырыпта кең көлемді туынды жазбауына мүмкіндігі қалмағанда жазылған туындылар іспетті...

Ұлы Желтоқсанды қаны қазақ, жаны қазақ, жүректі де білекті мыңдаған жандар қолдады. «Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің анықтамасы бойынша, 18-25 желтоқсан аралығында ішкі істер бөлімдеріне 8 мыңдай адам әкелінді» деген мәліметтерге сүйенсек, елімізді жайпап өткен репрессияның жойқын күшінің қаншалықты болғанын шамалаймыз. Бұл ресми тіркелгені ғана. Ал комиссия жинақтаған деректерге жүгінсек, сол үш күнде 60 мыңдай адам алаңға шығыпты. Оның 8000 уақытша мерзімге қамауға алынды, 99 адам ауыр қылмыскер ретінде сотталды, 200-дей адам жабылды, 1500 адам әкімшілік-тәртіптік жазаға тартылды [3].

Мысалы, ҚазПИ-дің студенттері Бекентаева Жұмагүл, Мырзағазина Бақытгүл, Сүлекеева Айгүл, Ордаева Гүлжанан, Елжоина Шаттыгүл еш жазықсыз 15 күндік қамауда жатып шықты. Қайрат Рысқұлбеков пен Мырзағүл Әбдіқұлов бірден ату жазасына кесілді. Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова сынды жас өркендер шейіт кетті. Дерек-дәйегі осы күнге дейін белгісіз, хабарсыз кеткендер де бар. Соның бірі жоғарыда аты аталған Бақытгүл Мырзағазина. Ол екі бүйрегінен алған соққыдан айыға алмастан, Торғайдағы еліне келген соң қайтыс болды. Алаңда таяқ жеген Алматы

дәрігерлер институтының студенті Кенжегүл Молданазарова да Ташкенттегі ауруханада миына қан құйылып, көз жұмды[3]. Олар жайында бүгінде ешкімнің ешнәрсе айтпайтыны өкінішті-ақ.

Ел басына күн туып, ер намысы сынға түскен желтоқсан сүргінінде олар алаңға коммунистік партия үшін шыққан жоқ. Қонаев үшін де шыққан жоқ. Оларды алаңға алып шыққан ұлттық намыс! Қайрат айтқандай: «Аланда қазақтың уыздай жас қыздарын ұрыпсоғып, өлтіріп жатыр деген соң, өз басым қолымды жайып: «Күл болмасаң, тұл бол» деп, қарап отыруға еркектік ар-намысым жетпеді» дейтін өр сезім алып шықты. Ұсталған желтоқсандықтардың әрқайсысына «9 автомашинаны өртеп, 152 машинаны істен шығарып, 326 милиционерді, 196 әскери жауынгерді жаралады» деген айып тағылды. Бұл – қағаздан қағазға көшіп жүрген соттың үкімінен алынған үзінді. Кезінде репрессияға ұшыраған желтоқсаншылардың құрамында әлі күнге дейін толық ақталмағандары да бар... Мысалы, Мырзағұл Әбдіқұлов, Жамбыл Тайжұмаев т.б. Ал Желтоқсан құрбандарының нақты санын ешкім де дөп басып айта алмайды.

Мындаған қазақ студенттері жазықсыз оқудан шығарылды, жұмысшы жастар қызметтен қуылды. Көптеген отбасына қасірет бұлты үйірілді. Баласы үшін әкесі, қызы үшін анасы күйді. Мысалы, Алматы Зоовет институтының студенті, бес жылға сотталған Жәлел Әуезовтің әкесі – Исабеков Әуез “баласына антикоммунистік теріс тәрбие бергені үшін” Жезқазған облысындағы “Абай” кеңшарының директорлығы міндетінен босатылды. Приозерный аудандық комсомол комитетінде хатшы болып істейтін ағасы Даниял Әуезов “ұлтшыл бұзақының туысы” ретінде қызметінен қуылды. Мұндай деректер өте көп.

1987 жылдың қаңтарында, яғни бір айда 2300 адам “ішкілікке салынды” деген сылтаумен ақшалай айып төледі, оның ішінде 150 адам күшпен емдеу орнына жіберілді. Горбачев пен Колбиннің алдында ақталу үшін партия жендеттері “маскүнемдер” мен «нашақорларды» осылайша қолдан жасады. Бір ғана Алматының өзінде маскүнемдермен күрес жөніндегі 128 жедел топ айналысты жұмды [4].

1987-1989 жылдар аралығында облыстық комитеттердің 64 хатшысы, қалалық және аудандық партия комитеттерінің 630 хатшысы, бастауыш партия ұйымдарының 1836 мүшесі алмастырылды, кеңес-шаруашылық органдарындағы кадрлар құрамы түгелдей жаңартылды. Республика жоғарғы оқу орындарының 12 ректоры ОК қысымымен қызметінен алынды. Ішкі істер министрлігі жүйесінен бір жылда 1200 қызметкер қуылды. Екі облыс мүлде жабылып, 14 министрлік пен комитет қысқартылды, 33 мың маман жұмыссыз қалды. Осы жазалау науқанын Мәскеудің нұсқауымен Республика прокурорының орынбасары А. Мызников, Тергеу бөлімінің бастығы В. Волтунов, КГБ төрағасы В. Мирошник тікелей қадағалап отырды. Ал жинақталған мәліметтерді Г. Колбинге, одан әрі М. Горбачевке жеткізу міндеті ОК әкімшілік бөлімінің меңгерушісі В. Ефимовке жүктелді жұмды [4]. Жастардың отаршылдық жүйеге қарсылығын аяусыз басып-жаншуда ерекше белсенділік танытқан Қазақ КСР – ішкі істер министрі Г. Князев, оның бірінші орынбасары Э. Басаров “Қызыл Жұлдыз” орденімен, басқа да Ішкі істер министрлігінің 1586 қызметкері “Милиция үздігі” және “Үздік қызметі үшін” белгілерімен марапатталды, ақшалай сыйлыққа ие болды. 250 солдат кеудесіне медаль тақты, 250 солдат Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасын иеленді жұмды [4].

Ең өкініштісі, осы награда алғандардың ішінде ұлт зиялысы деген ағаларымыздың балалары да жүрді. Тізімнен Сұлтанбек Шаһмарданұлы Есенов, Ахат Сағиұлы Жиенбаев сияқты есімдерді кездестіргенде, көңілің тіксінеді. Генерал-майор Э. Басаров, В. Сиськов, Б. Шкуратов, В. Капустин сияқты 20-ға жуық «қызыл жағалылар» биліктен алған марапаттарынан кейінірек бас тартыпты. Мейлі ғой. Келмеске кеткен Кеңес империясының сылдырлаған сөлкебайын не істеймін десе де, әркім өзі біледі. Бірақ та тарихта қара әріппен таңбаланып қалған өшпес масқараны қалай жуып кетіресің? Ұлы Желтоқсан Кеңес Одағы құрамындағы басқа да бодан халықтардың оянуына бірден-бір себепкер болды дедік. Ол рас. Ғасырлар бойы “бұратана” атанған бодан халықтарға қарсы бүркеме жүргізіліп келген жымысқы саясаттың іріп-шіріген жамылғысын сыпырып алған Желтоқсан бұл! 1987 жылы Саха Республикасында, 1989 жылы Балтық елдерінде, Грузия, Әзірбайжанда болған сілкіністер мен қозғалыстардың басында осы киелі Желтоқсан тұрды жұмды [4].

Чехословакиядағы “Адам правосын қорғау жөніндегі Хартер-77” тобы, Нью-Йорк қаласындағы “Фридом хаус” ұйымы, Батыс Германияның Христиан-демократиялық партиясы, Варшавадағы “Бостандық және бейбітшілік одағы” да Желтоқсан көтерілісін

Еуразиядағы демократиялық қозғалыстардың көшбасшысы деп атап өтті. Шетелдік басылымдар – “Гардиан” газеті (Лондон), “Ди Вельт” газеті (ФРГ), “Исни форум” журналы (Түркия), “Нью-Йорк таймс” газеті (АҚШ), Франц-пресс, Рейтер агенттіктері т.б. аса ықпалды ақпарат құралдары бұл көтерілісті ХХ ғасырдағы ірі толқу деп бағалады.

Қазіргі проза жанрында, қарқынды дами қоймаған желтоқсан тақырыбы қалам тербеуі, өзінің оқырман қатарын толықтыру, сұранысқа ие болу мақсатында емес, қоғамымызда әлі күнге дейін жете қарастырылып, толық бағасын алмаған, не сан ғасырлардан бері шешімін таппаған – ұлт тағдыры, рух болмысы, ұлттық сана, ұлттық мүдде, ата тарих алдындағы қарыз бен парыз сынды әлеуметтік категориялардың бұлқыныспен ортаға шығуы, «айтылмаса, сөздің атасы өледі», - демекші айтылмаса болмайтын, ұлт үшін маңызды желтоқсан мәселелері көркем проза түрінде бағаланса керек.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Қорғасбек Ж. Желтоқсан // Қазақ әдебиеті, 2009, 15 маусым.
2. Балтабаева Г. Қазақ прозасындағы желтоқсан тақырыбы // ҚазМемҚызПУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2009. №3.
3. Жүнісбекұлы Б. Желтоқсан шындығы толық айтылды ма? // Ақиқат, №10, 1996.
4. Желтоқсан. Жинақ. 3 томдық. Құр.: Т. Айтбайұлы. Алматы, 2006.